

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Ешбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени С. Ешбаева» государственного учреждения «Отдел образования Байганинского района Управления образования Актыобинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы «01» 09
Жаңатаң ауылы

№ 33

«01» 09 2022 г
с.Жанатан

Білім беру ұйымдарында заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тыйым салу туралы

2022 – 2023 оқу жылында мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 – V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 – III «Білім туралы» Заңының 63 – бабына, Ақтөбе облысы білім басқармасының 21 қыркүйек 2021 жылғы № 257 бұйрығы негізінде мектеп бойынша кәмілеттік жасқа толмаған балалардың ата – аналарынан және өзге де заңды өкілдерінен заңсыз ақша қаражатын жинауға жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп мұғалімдері және сынып жетекшілері өздігінен өзара бірігіп, сыныпты безендіру, жөндеуді сылтау етіп ақша жинауға тыйым салынсын.
2. Мектепте сынып қорына және мерекелерді желеу етіп ақшалай қаражат жинауға тыйым салынсын.
3. Ата – аналардан яғни, оқушылардың заңды тұлғалары тарапынан ақшалай қаражат ретінде берілген демеушілік көмектерін алуға тыйым салынсын.
4. Ата – аналар тарапынан демеушілік көмек ретінде берілсе, түскен қаражатты есепке алу және есеп беру, жоспарлау және пайдалану мәселелерін реттейтін нормативтік – құқықтық актілердің қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін.
5. Мектепте мәжбүрлі ақылы тест фактілерін болдырмау.
6. Осы ескертулер орындалмаған жағдайда, қызметкер жұмыс орнын босатуға дейін шара қолданылады. Осы бұйрықты орындау жауапкершілігі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Куатоваға жүктелсін, қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  Н. Дауылбаева

